

егемен Қазақстан

"Бөбек". Телемарафон. Сын сағатта



Соңғы кезде мен ғұмыр бойы ұлт мұраты жолында жан аямай қызмет етіп келе жатқан, тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдарында Елбасымыздың жанынан табылып, сенімді серіктерінің бірі болған, халқымыздың рухын оятуға, еліміздің еңсесін көтерісуге осы кезге дейін аянбай атсалысып келе жатқан Мырзатай Жолдасбеков ағамыз жайлы сыр-сұхбатқа құрылған деректі роман жазу үстінде екенімді газеттің көзі қарақты оқырмандары біледі. Сол кітаптан тағы бір үзіндіні «Егемен Қазақстан» газеті арқылы оқушылар назарына ұсынуды жөн көрдім.

Автор

Автор: Мырзеке, мен сіздің «Бөбек» қорын құруға қатысыңыздың бар екенін, осы қорға «Бөбек» деген атты да сіздің тауып бергеніңізді білетін едім. Бұл қор қазір жұртқа белгілі. 1992 жылы құрылған «Бөбек» қоры содан бері өне бойы өсу, даму, өркендеу, белестерге көтерілу үстінде болды. Бүгінге дейін атқарған, жүзеге асырып келе жатқан игілікті істері көп. Қазір бұл қордың атағы өз елімізден асып, шетелдерге де тарап кеткен.

Осы қорды құру жөніндегі идея, әңгімелер әуелде қалай басталып еді? Қалай туындап еді? Енді осылар жөнінде айтып берсеңіз.

Мырзатай: Ол оқиғадан бері де жиырма жылдан астам уақыт өтті ғой. Қазір есіме түскенін айтайын. 1992 жылдың басы болатын. Ол кездегі ахуал белгілі ғой. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары. «Қорыққан мен қуанған бір» дегендей, не істеп, не қоярын білмей, жұрттың әбден есі шықты. Ақылға сыймайтын неше түрлі шерулер, толып жатқан қоғамдық ұйымдар пайда болды. Осының бәрін негізінен қоғамға белгісіз адамдар бастады. Сөйтіп, есімін ешкім білмейтін адамдар өзінше қайраткер болып шыға келді. Тұнық көлдер шайқалып, сең жүргендей болды. Ел іші қиқулап құс салғандай, шулаған қаздай азанқазан болды. Осындай жағдайда бұл елді қиындықтардан қалай аман алып шығамыз, осы ахуалды өзгелер пайдаланып кетеді-ау деп қорықтық. Тәуекел деп ел тізгінін қолына алған Нұрекеңнің сол кездегі ең үлкен уайымы да осы еді.

Сонау ежелгі сақ, ғұн, түрік заманында да мемлекет болған. Әйтпесе, сонша жерді ала ма қазақ. Солардың негізін құраған қазақ рулары еді. Кейініректе Керей мен Жәнібек өз алдына жеке Қазақ мемлекетін құрды, Қазақ хандығын орнатты. Одан кейін де талай қилы кезеңдерді бастан кешкен халқымыз Абылайдың тұсында қайта табысты. Үш жүздің қазағы бір тудың астына бірікті. Қазақ елі, қазақ халқы қай заманда да іргелі ел болуды аңсады, армандады. Туған жерді жауға бермеу, басқыншылардан азат ету жолында жан аямай күресті. Сонда да тұтас мемлекет бола алмады.

Елдің басын қосу, жұртты бір тудың астына топтастыру қиынның қиыны еді. Соған қарамастан, Нұрсұлтан Назарбаев осындай тәуекелге барды. Оның қиындығы да, азабы да аз болған жоқ. Соған қарамастан, көш бастап, халықты қыл көпірден аман-есен алып өтуге барын салды. Оның сол кездегі тірлігі түренмен жол салғандай, мұзды мұхиттың мұзын жарғандай, адам білмеген құрлықты ашқандай еді. Мен Назарбаевтың осындай тәуекелшілдігіне, батылдығына әлі күнге дейін қайранмын.

Мен – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш идеологымын ғой...

Автор: Мырзеке, айып етпеңіз, осы жерде сөзіңізді сәл бөлейін. Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология бөлімін тек орыс халқынан шыққан адамдар ғана басқарып келген еді. Ол жылдарда мен де сол бөлімде қызмет атқарғандықтан, жағдайды жақсы білемін. Сіз Одақ ыдырамай тұрғанда сол бөлімді басқарған қазақ ұлтының тұңғыш өкілі болдыңыз.

Мырзатай: Бұл айтқаның рас. Бір жағынан ол да бар. Екінші жағынан Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі алғашқы жылдарда да республикадағы идеологиялық жұмыстарды басқару міндеті менің мойнымда болды. Мен ол кезде Премьер-Министрдің орынбасарымын. Сол кездерде Нұрекеңмен елдің келешегі, халықтың тағдыры, ішкі ахуал жайында жиі-жиі ақылдасып жүретінбіз. Бір күні, әңгімелесіп отырғанда, сөз арасында ол: «Мырзеке, Сара елден көп хат алады. Аналардың, балалардың денсаулығы туралы, тұрмыстың нашарлығы туралы, қоғамдағы көптеген қиындықтарды айтып хат жазады, соған оның қабырғасы қайысады, түн ұйқысын төрт бөледі, не істейміз?» – деді.

– Жазатындай да, жұрттың зарлайтынындай да бар ғой, мұны өзіңіз де жақсы білесіз. Ел ішінде аналардың ауруы, бала өлімі де аз емес. Егер қазақтың тұрмысы, әсіресе әйелдердің, кішкентай балалардың жағдайы шынымен қабырғасына батып жүрсе, Президенттің жұбайының бұл мәселемен айналысқаны дұрыс шығар. Бұл мәселе бүгінде әсіресе, Қызылорда облысында өршіп тұр, елдің жағдайын, шындықты көзімен көріп қайтсын десеңіз, Сараны Қызылорда облысына апарып қайтайын, – дедім.

Сонымен, қасымызда Сара Алпысқызы көмекшілерімен, бәріміз Қызылордаға ұштық. Мен ол жаққа алдын ала телефон шалып қойдым. «Жауырды жаба тоқымаңдар, ең ауыр, ең қиын жерлерді көрсе тіңдер, қаз-қалпында бәрін де көрсін», дедім.

Қызылордаға келген соң, көп кідірмей, Аралға ұшып кеттік. Аралға қонғаннан кейін, өңірдің ең бір қиыр шеттерін тікұшақпен араладық. Ауылды мекендердің төбесінен келіп түсеміз. Құдай сақтасын, түк көрмегендей, сол елдің бала-шағасы, үлкені бар, кішісі бар, барлығы жапырлап тікұшаққа қарай жүгіреді. Сол кездегі азып-тозған ауылды,

тұрмыстың нашарлығын, бала, ана өлімінің көптігін, Аралдағы экологиялық апатты өз көзімен көрген Сара Алпысқызы, бұрын-соңды мұндай сұмдықты көрмеген болу керек, жаны түршігіп, мұңайып, уайымға батты.

Автор: Ешкімге айтпай барасыздар ғой.

Мырзатай: Иә, ешкімге айтпай барамыз. Бірақ, менің ойымша, дегенменен, осындай кісілер келеді деп, аудан басшыларына хабар беріп те қоятын секілді. Өйткені, қонған жерді байқасаңыз, совхоз бен аудан басшылары тұрады. Бірақ ол жазғандар бір күнде не бітірсін, көргеніміз аңғал-саңғал дәрігерлік пункттер, тозған ауыл, қаңырап қалған елді мекендер, сол жерлерде тұрып жатқан репеті қашқан адамдар болды. Бір күнде оны кім, қалай түзей қойсын. Қысқасы біз Аралдың сиқын қаз-қалпында көрдік. Жанымыз ауырды. Айдалада, әр төбенің астында отырған, қаңырап қалған ауылдар, кіркір, бойра бойра, жыртық көйлекті, шаштары өсіп кеткен, бет-аузы жара балалар – мұның бәрі кино емес, сол өңірдің бейнесі, өмірі еді. Сау адамды ауру қылатын қазақ ауылының осындай кейпі Сараға қатты әсер етті.

– Осы да жетер. Болды. Құдай сақтасын, мына кісіні ауыртып алып жүрмейік. Кері қайтайық, – дедім ауданның басшысына.

Сөйтіп, ауданның орталығына келдік. Аудан басшысының үйіне қондық. Қонақ үй де жоқ қой ол кезде. Бүгінгідей қаптаған күзетші де жоқ, қонатын үйді тексерген ешкім де жоқ. Сараның сақшысы да, ағасы да, жол көрсетіп жүрген бастаушысы да, көмекшісі де мен едім.

Жол-жөнекей ұшақта кетіп бара жатқанда Сара әрнәрсені сұрады. Әңгіме негізінен әлеуметтік мәселелерге қатысты болды. Бала мен ананың өлімі, бала таба алмай жүрген әйелдердің жайы, ауылдағы, түкпір-түкпірдегі қалың елдің тұрмысы, мектептердің жағдайы, бала-бақшалар... Онысы маған да іштей ұнады. Сөйтіп, көп араладық, ол кісі әбден шаршады. Аудан орталығына келіп қондық. Кешкісін жөндеп тамақ та іше алмады. Ас батпады. «Тәуелсіздік алдық деп мәз болып жүрміз, Қазақстан әбден құрыған екен ғой, сендер не бітіріп жүрсіндер, халық құрыпты ғой, қазақтың жағдайы мүшкіл екен ғой, келешегі жоқ қой», деп Президенттің мазасын ала ма деп уайымдай бастадым. Бірақ Қазақстанның бәрі Арал емес қой, енді бұл кісіге аналардың да, балалардың да жағдайы дұрысырақ, тәуірірек басқа бір өңірді көрсетейін деп, түн ортасында Талдықорған облысын басқарып отырған Тұрсынов Сағынбек ініме телефон соқтым.

– Ауылдың тұрмысын, елдің жағдайын көрсін деп Президенттің тапсырмасымен Сара Алпысқызын Қызылордаға, Аралға алып келіп едім. Мұндағы жағдайды көріп қатты қиналып қалды. Осыны көріп, Қазақстанның бәрі осы екен ғой деп ойлап қалуы мүмкін ғой. Сен кездескен сайын Талдықорғанда балабақша, балалар үйінің, мектептердің, аналардың жағдайы жақсы, елдің көңіл-күйі де, тұрмыс-тіршілігі де жаман емес деуші ең ғой. Айтқаныңның бәрі рас па? Ертең келсек көңілді көтере алатындай жағдайың бар ма? – дедім.

– Өзіңізге талай айттым ғой, бұл мәселеге біз облыста ерекше мән беріп отырмыз. Келсеңіздер, ұялтпаймыз, – деді.

– Басқа ешқайда бармаймыз. Тек қаланы көреміз. Көрсетемін деген жерлеріңді тазартыңдар, жарқыратыңдар, жаңалай тындарыңды жаңалаңдар. Біз ертең, құдай қаласа, түске таяу келеміз, – дедім.

Түске таман Талдықорғанға келдік. Сағынбек қарсы алды. Бірнеше балабақшаны, бір балалар үйін, аналар босанатын үйді белгілеген екен. Сөйтіп, келісім бойынша, мектеп жасына дейінгі нысандарды аралаттық.

Алдымен балабақшаға келдік. Әдемі екен, жаңадан салынған, айналасы қуыршақтай, төсек-орын, әжетханасына дейін кіріп көрдік. Тап-таза, мұнтаздай. Бақытты балалар тұр қаз-қатар тізіліп. Кешегі сұмдықтан кейін мынаны көрген Сараның екі көзі оттай жанып, жайнап кетті. Осыншама сұлулыққа сенерсенбесін білмей

– Мырзеке, мынау рас па? – деп қалды.

– Кешегіміз қасіретті Арал ғой, көріп тұрғаныңыз нағыз шындық, Сәке, – деймін. Керемет қуанып, көңілі көтеріліп қалды.

Сөйтіп, бірнеше балабақшаны, балалар үйін араладық. Бір кезде Сағынбек алда аппаратын бала-бақшаларының атын тізбелей бастады.

– Бәрінің деңгейі осындай ма? – деп сұрадым.

– Бәрінің деңгейі осындай, – деді ол.

– Онда бұ кісіні шаршата бермейік, осы да жетеді. Сіз қалай ойлайсыз? – деп едім,

Сара:

– Жарайды, болады, осы жетеді, – деді.

Қайтадан резиденцияға барып, шәй іштік. Шәйдің үстінде Сара:

– Бұ қалай? – деді аң-таң болып.

– Қызылорда анау. Талдықорған мынау. Арасы жер мен көктей. Екеуі екі мемлекеттің жері сияқты.

– Сәке, біріншіден, Қызылорда қаласында да бар мұндайлар. Біз далаға бардық қой. Ең құрып қалған құрдымға бардық қой. Соны көрсін дедік қой. Әйтпесе елде жақсы да бар, жаман да бар. Алматыға оралған соң Қазақстанның бәрі Аралдағыдай екен деп ойламасын деп, жақсыны да көрсін деп Талдықорғанға әдейі әкелдім, – дедім.

– Көргенім жақсы болды. Шынында да мен ауыратын едім. Қызылорда өңірінің жағдайы жүрегіме қатты батты, – деді.

– Біз түзейтін нәрселер көп, Сәке. Қолға алатын. Тәуелсіз мемлекеттің орнықтыратын, қалпына келтіретін, өзіміздің ата-дәстүрінде қалыптастыратын шаруалар әлі жетерлік, – дедім.

Сөйтіп кешке қарай Алматыға оралдық. Проблемалар бастан асып жатқан кез ғой. Ертеңіне Нұрекеңе болған жайды түгел баяндадым. Сөз соңында:

– Қазақты білесіз ғой, Нұреке, күнкілі де таусылмайтын, өсек-аяңы да жетерлік ел емеспіз бе. Бүгінде ел ішінде Горбачевтың әйелі Раиса Максимовна туралы да сөз аз емес. Сәкең саясатпен емес, мектеп жасына дейінгі балалардың өмірімен айналыссын; өзіне де, сізге де, елге де осы дұрыс болады, – дедім.

Нұрекең қолдады. Түбінде осынымыз дұрыс болар деп, қайтарда, жол-жөнекей Сарамен де ақылдасқан болатынмын.

– Сәке, көріп жүрсіз ғой. Нұрекең ештеңеден аянып жатқан жоқ. Халқы тұттай жалаңаш, жалаңбас, жалаңаяқ. Алдымен соларды киіндірсем, тойындырсам деп жүр. Одан кейін барып идеологиямен айналысамыз дейді. Өте дұрыс. Ал, енді, мүмкіндігінше, қолыңыздан келгенінше, жәрдем беремін деген ниетіңіз дұрыс. Негізінен сол балалар тәрбиесі жұмысымен айналыссаңыз жөн болар еді. Балалардың көмекке, қамқорлыққа ең зәру тобы да солар. Буыны бекімеген, қанаты қатаймаған, санасы жетілмеген, сынаптай толқып тұрған кезең ғой. Соның өзінде де сіз істейтін, сіз айналысатын жұмыс бастан асады, – дедім.

Сара бұл айтқандарымызбен келісті. Пікірімізді қолдады. Алматыға қайтып келгеннен кейін бұл кісіге осы саладағы саясат, осы салада істелініп жатқан жұмыстар, жетістіктер мен кемшіліктер, соның бәрін, жіктеп-жіктеп, тағы да қосымша мағлұматтар бердік.

– Енді не істейміз? Неден бастаймыз? – деді. Мен:

– Фонд, қор деген жақсы ғой. Саясатқа араласы жоқ. Мақсаты айқын. Меніңше, алдымен қор құру керек. Содан кейін барып, қаржы мәселесі біраз шешілсе, өзге жұмыстарды қолға алуға болады, – дедім.

– Өте дұрыс екен, – деді Сара келісіп.

Сонымен қор құруға кірістік. Тапсырмалар берілді. Ол кезде Ерік Асанбаев вице-президент еді. Бір рет сол кісінің кабинетінде жиналды. Жұмыс басталды. Қаражат мәселесі шешілетін болды. «Қорды не деп атаймыз» деп сұрады Сара бір күні. «Елден сұрап көріңіз, ақылдасыңыз» дедім. Біреу ананы айтты, біреу мынаны айтты. Бірақ ешқайсысы көкейге қонбады. Бір жолы бәріміз бас қосқанда мен: «Сәке, бұл қордың аты

«Бөбек» болсын. Бөбек деген сөз ағылшын тілінде де, француз тілінде де, орысша да, қазақша да бөбек. Бәрі де бұзбай айтады, – дедім. Жиналғандардың бәріне бұл ұсыныс ұнады. Сөйтіп, «Бөбек» қоры құрылды. Бұл қорға мен өзім қызмет істеп тұрған кезімде біраз жәрдемді бердім. Қалыптасты. Елге көп қызмет ете бастады.

Автор: Мырзеке, бүгін «Бөбек» қоры туралы әңгіме болатынын білгендіктен, мен интернетті, басқа да дерек көздерін қарадым. Біраз жақсы материалдар тауып оқыдым. «Бөбек» қоры туралы өзім қараған материалдардан жиырма жылдан асатын уақыт ішінде оның қалай дамығанына да назар аудардым. Сығымдап қысқаша айтсақ, былай болып шығады екен. 1994 жылы «Бөбек» қайырымдылық қоры Алматы мен басқа қалаларда мектеп жасына дейінгі балаларға арнап Үміт үйлерін ашады. Оларға әкесіз қалған, шешесінің балаларға қарауға, тәрбиелеуге мүмкіндігі жоқ бүлдіршіндер уақытша алынады. Шешелері, немесе олардың орнындағы жақындары материалдық, тұрмыстық жағдайлары біршама түзелген соң балаларды өз қамқорлығына қайтарып алады. «Бөбек» қоры балаларға қамқорлық жасаудың әрқилы өзге түрлерін де іздеп отырады, назардан тыс қалдырмайды. 1995 жылы «Қазақстан кәсіпкерлерінің ауру балаларға көмегі» атты үлкен қайырымдылық акциясын өткізеді. Одан түскен екі миллион доллардан асатын қаржы Онкология және өкпе аурулары ғылыми-зерттеу институттарының балалар бөлімдеріне және Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына осы заманғы медициналық құралжабдықтар сатып алуы үшін аударылады. Балалар ауруханаларына берілген «жедел жәрдем» машиналары, Арал аймағы мен Алматы облысына жіберілген жылжымалы диагностикалық орталықтар, еліміздің көмекке қатты зәру кей аудандарына ауру балаларды емдеу үшін дәрігерлер бригадаларын ұйымдастыру, қазақстандық балалардың жүректеріне ота жасау үшін шетелдік тәжірибелі дәрігерлерді алып келу – Сара Алпысқызы президенті болып табылатын «Бөбек» қорының іске асырып келе жатқан игілікті істерінің тізімі осылайша жалғасады екен.

Сара Алпысқызының, «Бөбек» қорының ұйытқы болуымен 2002 жылдың тамыз айында елімізде «Балалар құқықтары туралы» маңызды заң қабылданады. Бөбектер мен кішкене бүлдіршіндердің жағдайын жақсартуға бұл заңның көп көмегі тиеді. 2002 жылдан бері «Бөбек» қоры әке-шешесіз, тұрмыстары қиын отбасылардан шыққан студенттерге арнаулы стипендия түріндегі әлеуметтік көмек көрсетіп келеді екен. Осы жылдардың ішінде осылайша қаржылай көмек алған студенттердің саны отыз мыңнан, көрсетілген көмектің көлемі 113 миллион теңгеден асыпты...

Мырзатай: Егер осы Қор бала тәрбиесіне, аналардың жағдайына бірталай қызмет еткен болса, пайдасы тиген болса, соған өзімнің қол ұшымды бергеніме, сол қордың құрылуының басықасында болғанымға өте қуаныштымын.

2012 жылы осы қордың 20 жылдығы өтті. Оған мені шақырған жоқ. Менің естігенім, соған қатысқан біреулер «Сара Алпысқызы сіздің атыңызды атап өтті» дегенді айтып келді. «Осы Қордың құрылуына көп еңбек еткен, атын қойып берген Мырзекең еді» депті ол кісі өз сөзінде. Онысына рахмет.

1992 жылы Қорды құрдық, сол жылы күзде оны нығайтуды бастадық. Ол кезде бүгінгідей кәсіпкерлер жоқ. Қазір, Құдай сақтасын, ақшасының санына жете алмай жүрген компаниялар көп қой. Ол кезде ондай мүмкіндік жоқ еді. Сондықтан ақылдаса келе, телемарафон өткіздік. Ол күн-түнге ұласты. Телемарафонның қорытындысы Республика сарайында өтіп жатты, соған Президентті шақырдық.

Сол телемарафонда отырғанымызда, түнгі он екілер шамасында, Нұрекенді телефонға шақырды. Көп ұзамай қайтып келді, түсі суып кетіпті.

– Мырзеке, сұмдық болып жатыр екен. Өскеменде төрт бірдей қазақ жігітін шешендер бауыздап кетіпті. Ел дүрлігіп жатыр дейді. Қауіпсіздік кеңесін жинаймыз, – деді.

Сол жерде отырып-ақ, тапсырмалар беріп жатты. Ұшақ дайындапты. Таңертең комиссия құрды. Комиссия құрамын бекітті, төрағасы мен болдым. Арнайы ұшақпен Өскеменге келдік.

Келсек, қала араның ұясындай болып ызылдап тұр. Қазақ – орыс – шешен болып бөлініп, кек қайнап, сұмдықтан ел дүрлігіп, Өскеменнің халқы тұтанатын отқа ұқсап тұр екен. Жұрттың бәріне тапсырма беріп, жауыздарды іздеуге кірістік. Жер-жерден, жан-жақтан келген қазақ өш алу үшін, шет-шетте отырған шешендерді ұстап алып, үйін өртеп, өздерін сабап жатыр деп естідік. Келе салысымен, қасымдағылар ылғи қылмыспен айналысатын, қан көріп қалғандар ғой, шейіт болған жастардың мәйітін көріп келуге кетті. Маған жүріңіз деп еді, менің жүрегім дауаламады. Өзімді сабырға шақырдым. Онсыз да келгенше уайымдап келдім. Не деген сұмдық... Өз жерінде, өз елінде отырып осынша жәбір көру. Не деген қорлық! Шындыққа жүгінетін болсақ, баяғыда қаңғып келіп еді ғой бұл шешендер. Күнін көре алмай, жер аударылып еді. Қазақ қойын-қонышын ашып, шешен демей, неміс демей, күрд демей, бәрін құшағына алып еді... Бір жапырақ нанын бөліп беріп еді... Соның бәрін ұмытқаны ма...

– **Мәселенің анық-қанығына жеттіңіздер ғой. Жағдай қалай шиеленісіпті?**

– Дау базардан шығыпты. Шешендер базарды алып алған. Қазақты жолатпайды. Қазақ намыстанады бұған. Кикілжің осындай араздықтан туған екен. Бірер сағаттан кейін манағы кеткендер келді. Ол кезде Бас прокурор қызметіндегі комиссия мүшесі Жармахан Тұяқбай келген бойда:

– Мырзеке, қылмыстың түрі жаман. Бәрін кәдімгі қойша бауыздаған. Кейбірінің, бауыздағаны аз болғандай, 32 жеріне пышақ салған, – деді.

Мұндай қанішерлікті мен естіген де, көрген де емес едім, көргім де келмеді... Үш күн бойы аяқ шешпей, күні-түні жұмыс істедік. Теңселіп кеттік. Сағат сайын, кейде жарты сағат сайын жағдайды Президентке баяндап отырдық. Елбасы нақты жағдайға байланысты ақылкеңесін айтумен болды. Облыс басшысы Амангелді Бектемісов қасымда жүрді. Құлақтанған қазақ жан-жақтан Өскеменге жылжыды. Мына жағынан Павлодар, Семейден, мына жағынан Талдықорғаннан қаптап келеді деген хабар жетті. Соның алдында қыркүйекте Құрылтай өткен, ел мені жақсы танып қалған. «Кетті, аттанды, біз тоқтата алмадық» деп Семейден, Павлодардан, Талдықорғаннан хабар келіп жатты. «Жолдың бәрін жабыңдар. Көлденеңінен бірнеше машина қойыңдар», – деп тапсырма бердім. Жақындап қалды деген соң, Талдықорған жағына қарай, келе жатқан қалың топты қарсы алуға кеттік. Түн боп қалған. Машинаның үстіне шығып, милицияның сөйлейтін құралын алдым. Құдай сақтасын, теңселіп келе жатқан көп машинаның жарығы. Шегі жоқтай. «Жигулиннің» өзіне бес-алтаудан мінгесіп алған қазақ. Бәрі де ашулы, бәрі де кекті. Қазақты қырып жатқанда, біз қалай тыныш отырамыз», – дейді. Машинаның жарығын, бәрін соларға қарай бағыттап қойдық. Содан мен, ондай кезде қайбір оңай сөз шығады дейсің: «Токтандар! Ақылға келіңдер. Мұның арты соғысқа айналуы мүмкін. Онда қырғын болады. Ешкім аянбайды!» деп айқай салдым.

Басында, оқиға басталғанда, Өскемендегі орыстар күнәсіз адамды бауыздағаны несі деп қазақтарды қолдапты. Сол кезде Шығыс Қазақстаннан сайланған халық депутаты Васильева деген болған. Сол елді дүрліктіріп, шовинист қой, «Бүгін шешеннің басына түскен күн, ертең басқаның басына түседі» деп бүлік салған. Тіліміз салақтап, қайсысымен сөйлесерімізді білмей, есіміз шықты. Сөйтіп, Талдықорған мені біледі, «Егер шыныменен қырылайық десеңдер, онда бәріміз бірге кеттік. Президенттің де балтыры сыздап, бауыры елжіреп отыр. Өрт тастау оңай, сөндіру қиын. Ақылға келейік, бауырларым, ақылдасайық!» дедім. Қараңғыда мені танып қалған жігіттер: «Мынау Мырзатай аға ғой, сізге сенеміз, аға! Тек кегімізді әперіңіздер. Шешендерді 24 сағат ішінде қуыңыздар елден. Қазақстаннан кетсін. Талап осы» деді. Талаптарың дұрыс, қайтыңдар деп бұлардың бетін қайтардық.

Сөйтіп жүргенде, «Ойбай, мына Семей, Павлодар жағынан кеп қалды» деді. Семей жағындағы жолға шықтық. Бұлар да сондай талап қойды. Тағы да басу айттым. «Сабыр етіңдер, айналайыңдар. Бізге сеніндерші. Мен Президент сеніп жіберген комиссияның төрағасымын. Түбінде шешімі дұрыс болады». Ол жерден де бір ақылды жігіттер табылды. «Сендік Мырзатай ағаға. Президенттің сөзін жеткізіп отыр ғой.

Айтқандарыңыздың бәрі жөн. Мүмкін біздікі қызбалық шығар. Бірақ мына сұмдықты естіп шыдай алмадық». «Оларың да дұрыс» дедім. «Егер, біздің қолымыздан келмей бара жатса, қажеті болса, онда өзіміз хабар береміз, деп оларды да қайтардым.

Таң ата қалаға қайттық. Таңертең сөзі өтетін адамдардың тәуірлерін жинатып қойғанмын. Ұйқы жоқ. Олармен сөйлесуге тура келді. Казактар, кейбірі әскери киімдерін киініп алған. Қылышын асынып алған. Неге бүйтіп жүрсің деп мынадай жағдайда айта алмайсың. Сөйлестім, арғы тарихтан қопарып айттым. «Бұл жер бағы замандардан қазақтың жері, білесіңдер. Неше түрлі заман болды, толқын-толқын көш келді. Соның бәрі сыйды ғой қойынқонышымызға. Қазір неден қиындық көріп отырсыңдар. Қазақтың тұрмысын қараңдаршы. Көбі далада отыр. Ондай тұрмысқа біреуің шыдамайсың ғой. Қалада отырсыңдар. Неге бүйтесіңдер? Төрт бірдей қыршынды бауыздап салып, пәлен жерден пышақтаған. Осындай сұмдықты көрдiңдер ме? Көресiңдер ме барып». «Жоқ, ойбай, керегі жоқ» деді. Бірекі бұрын қызмет істеген қарттар сөйледі. «Біз өзіміз сөйлесеміз. Орыстармен. Алаң болмаңыз. Бізге Васильеваның керегі жоқ. Бізге Назарбаев керек» деді.

Түстен кейін Өскеменнің қазақ жастарын жинадық. Бәрінен қиыны осылар болды. Оған дейін де бірталай шара жасалды. Мемлекеттік кеңесші Қайырбек Сүлейменовтің басына кепка кигізіп едік, мұрны қоңқайып аумаған шешен болды да шыға келді. Оны жағдайды байқап, біліп келуге шешендердің ішіне жібердік. Қазақтар қаланың шетінде жапырайған үйлерде тұрады. Ал шешендер болса бәрі қаланың шетіндегі үлкен көшенің бойына кең сарайларды салып алған. Сол жерге милиция мен әскерді төгіп, қоршауға алып, қаруларының бәрін жинап алдық. Үйден алып, көшенің ортасына үйіндер, өйтпесеңдер 24 сағаттың ішінде Қазақстаннан көшесіңдер деп Қайырбек тұрды қасқиып. Қару-жаракты түгел жинап алдық, тіпті автомат былай тұрсын, кейбірінен пулемет шықты. Міне, ақырзаман.

Жиналған қазақ жастарының алдында Жармахан сөйледі, басқалары да сөйледі. Соңынан Қайырбек сөйледі. Аяғында мен сөйледім:

– Шырақтарым, әңгіме белгілі болып отыр ғой. Біз түбінде кек алуымыз керек, кек қайтаруымыз керек, тоқтайтын жерің осы, қолымызға қару алып шығуымыз керек десеңдер, біз де шығамыз. Міне, прокурорың отыр, КГБ отыр, милицияң бар. Бәріміз шығамыз. Онда қырғын болады. Азамат соғысы болады. Одан кім жеңеді, кім жеңіледі, Құдай сақтасын, ақыры белгісіз. Шекарамыз аңғал-саңғал, ашық. Артын ойлауымыз керек, – деген сияқты біраз сөз айттым. «Қазақты сақтауымыз керек. «Президенттің де қабырғасына батып отыр...» дедім. Содан кейін бір әдемі, денелі, бойшаң, аққұбаша келген, толық жігіт сөйледі. Кейін сұрастырсам, атын ұмытып отырмын, күрестен бе, әйтеуір спорттың бір түрінен әлем чемпионы екен. Базарға бастап барып жүрген де сол екен. «Жігіттер, мұның басы-қасында жүргеннің бірі менмін. Мына сөзге тоқтайық. Мырзатай аға бүкіл жанын салып айтып отыр ғой. Елбасының да тілегін жеткізіп отыр ғой. Қырылғанның үстіне қырыла береміз бе? Сабыр қылайық! Қару-жарактың бәрін түгел жинап алғаны рас болса, барып көрейік» деді. Даурыққандар әлгі жігіттің сөзіне тоқтады. «Ультиматумның, шектен тыс талаптың арты жақсы болмайды. Бәрін ақылмен шешейік. Кінәлінің бәрі жазасын алады. Бәрін қалпына келтіреміз. Бұл ел сенің елің, сенің жерің. Мәселе базарда болса, базар ертең сенікі болады. Қорықпаңдар» дедім. Облыстың басшысына қарап: «Солай ғой, Амангелді» деп едім, облыс басшысы: «Иә, иә, солай, солай...» деп жауап берді.

Осы өртті сөндіріп, ертеңінде шешендермен қайта сөйлестік. Бүгжеңдеп, кінәні мойнына алған шешеннің ақсақалдары келді. «Жастарымыздың жіберген қателігін мойнымызбен көтеруге әзірміз. Бізге салатын айыптарыңды салыңдар. Мұндай сұмдық енді болмайды. Қазақ пенен шешеннің балаларының тату болуына барынша күш саламыз. Ол біздің қолымыздан келеді» деді. О кезде сөздің пәтуасы кетпеген кез. Сөзге қайтсе де жұрт тың сенетін кезі. Аузы дуалы қарияларды пайдаландық. Лаулап бара жатқан өртті өліп-талып сөндіргендей болдық. Ел-жұртымның, әсіресе, кек іздеген жастардың

Президент атынан айтқан сөзіме иланып, соңыма ергеніне, елді апаттан алып қалғанымызға қатты қуандық.

Автор: Васильеваның жағдайы қалай болды?

Мырзатай: Оны біз Мәскеуден шығартпай, ол кезде мемлекеттің ықпалы күшті ғой, самолетке отырғызбай, Домодедово аэропортынан шығартқызбай қойдық. Егер Қазақстанға келгенде, бетпақ қатын айқайды да, бүлікті де салатын еді. Ештеңеге қарамайтын еді. Сөйтіп ол аэропортта отырып қалды.

Автор: Қазақтарды бауыздаған алты адам ба еді? Оның бәрі жазасын алды ма?

Мырзатай: Оның бәрі ұсталып, жазасын тартты. Алтауын да шешендердің өзі ұстап берді. Бұл жайлардың бәрін кейін милицияның адамдары айтты маған.

Автор: Мырзеке, бүгінгі әңгімеңіз халқымызға да, жастарға да тағылымды болды. Қазір, міне, көріп отырмыз ғой Украинадағы жағдайды. Тәуелсіздік алғанына жиырма жылдан асқан, мемлекет ретінде етек жауып, ес жиып қалды деуге болатын, халқы да көп, Қазақстаннан әлдеқайда қуатты саналып келген Украинада ұлтараздық мәселелер туындап еді, желді күнгі өрттей қаулап, тоқтау бермей, тізгін бермей кетті емес пе. Жер дауына ұласты ақыры. Қаншама қақтығыс, кісі өлімдері болып жатыр.

Мырзатай: Тарихта, өмірде әрқилы оқиғалар болар. Бірақ соның бәріне де ақылмен қарау керек. Өмір, қоғам болған соң бәрі де болады. Нені де болса ақылға салу керек. Егер біз сол тұста бір топ ше шендердің біздің жастарымызды хайуандықпен бауыздағанын, жан-жақтан қазақ жастарының қаруланып атой салып келгенін ескеріп, кек алуға жол бергенімізде аяғы қырғын болуы мүмкін еді. Нұрекеңмен жиі-жиі ақылдасып, ондай сұмдыққа жол бергеніміз жоқ. Тарихпен, халықтың тағдырымен ойнауға болмайды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Президентіміз тәуелсіздіктің тұғыры етіп елдің ынтымақ-бірлігін ту етіп көтеріп келеді. Аз жылда берекелі, бағы жанған елге айналсақ, бәрі де сол ынтымақбірліктің арқасы. Ынтымағы кеткен елден береке кетеді, берекесі кеткен елден бәрі де кетеді. Мұны ешқашан ұмытуға болмайды. Өйткені, мұны бабаларымыз бізге аманат етіп қалдырған.

Болат БОДАУБАЙ.
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.